

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҰЛАНЫНЫҢ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 28 ақпан 1994 ж. N 232

"Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының даму тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 7 желтоқсандағы N 1440 К931440_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы қатарында әрі қарай қызмет өткеруге тілек білдірген және іріктеліп алынған офицерлер мен прапорщиктерді дер кезінде қызметке жіберуді қамтамасыз ететін болсын.

1994 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы қосымшаға сәйкес офицерлермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы Қолбасшысының Басқармасымен бірлесе отырып 1994 жылдың 1 сәуіріне дейін ұланды жеке құрамының жалпы саны 1998 жылға қарай 6 мың адам құрайтын есеппен толықтыру кестесін әзірлейтін болсын. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Республикалық ұланында әскери қызмет өткеруге тілек білдірген әскери қызметшілердің 70 процентке дейінгі мөлшерін контракттылық негізде қабылдайтын болсын;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының жеке құрамын жұмыс істеп тұрған полигондардың бірінде дала жағдайларында оқытып-жаттықтыруға мүмкіндіктер туғызатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Қаржы министрлігі, Сауда министрлігі мен Байланыс министрлігі, "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы мен "Фармация" Мемлекеттік холдинг компаниясы Қазақстан Республикасының Республикалық ұланын Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының Қолбасшысы Басқармасының тапсырыстарына сәйкес қару-жарақпен, әскери және арнаулы техникамен, материалдық-техникалық ресурстармен:

қазіргі штат бойынша - 1994 жылғы 1 сәуірге дейін;

оның жеке құрамының жалпы саны 2500 адам болуы есебінен - 1994 жылғы 1 шілдеге дейін;

оның жеке құрамының жалпы саны 6 мың адам болуы есебінен - 1998 жылдың соңына дейін қамтамасыз етсін.

4. Алматы облысының және Алматы қаласының әкімдері 1994 жылдың 1 тоқсанында:

Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы жеке құрамының 700 адам мен әскери техникасын орналастыру үшін қызмет жайларымен қоса орын бөлетін болсын;

Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының 3500 адамға

арналған әскери қалашығы мен офицерлік құрамы үшін тұрғын үй құрылысына арнап жер учаскелерін бөлсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1994 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау кезінде әскери қызметшілер киімінің жаңа үлгісін тігу және қазіргі заманғы байланыс құралдарын сатып алу үшін ақша қаражатын, соның ішінде валюта бөлуді көздейтін болсын.

6. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының қамқоршылары ретінде Қарағанды облысының, Алматы қаласының және Іле ауданының (Алматы облысы) әкімдері белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 28 ақпандағы
N 232 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының
офицерлік лауазымдарын мамандармен толықтыру
Есебі

Саны

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне барлығы:	43
оның ішінде:	
жалпы әскери мамандық бойынша	28
тәрбие ісімен гуманитарлық даярлық жөніндегі мамандар	6
байланыс мамандары	3

инженерлік мамандар	2	
автобронетанк мамандары	2	
тылды қамтамасыз ету жөніндегі мамандар		2

Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігіне

барлығы:	24	
оның ішінде:		
жалпы әскери мамандық бойынша		18
тәрбие ісі мен гуманитарлық даярлық жөніндегі мамандар	2	
байланыс мамандары	1	
инженерлік мамандар	1	
автобронетанк мамандары	1	
тылды қамтамасыз ету жөніндегі мамандар		1

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне

барлығы:	25	
оның ішінде:		
жалпы әскери мамандық бойынша		17
тәрбие ісі мен гуманитарлық даярлық жөніндегі мамандар	2	
байланыс мамандар	1	
инженерлік мамандар	1	
автобронетанк мамандары	1	
тылды қамтамасыз ету жөніндегі мамандар		2
әскери-ветеринарлық қызмет мамандары	1	